



**Автор:** Доскалиева гульдаурен Кайыргалиевна

**Пән:** Қазақстан тарихы

**Сынып:** 9-сынып

**Бөлім:** Қазақстан Хрущевтық «жылымық» кезеңінде (1954-1964 жылдар)

**Тақырып:** Қазақстандағы әскери-өнеркәсіп кешені

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.3.1.1. – Қоғамдық саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіру және өзіндік интерпретация жасау; 9.3.2.1. – XX ғасырдың екінші жартысындағы әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдау;
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Қоғамдағы саяси өмірдің ерекшеліктері мен әскери-өнеркәсіп кешендердің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдайды.
Тілдік мақсаттар:	Негізгі сөздер мен тіркестер: әскери-өндірістік кешен, полигон, ядролық қару, баллистикалық зымырандар, милитаризм
Күтілетін нәтиже:	Әскери-өнеркәсіп кешендерінің Қазақстанға тигізген зардаптарын талдайды
Бағалау критерийлері:	1946 -1950 жылдардағы қоғамдық саяси өмірдің ерекшеліктерін түсініп, қорытынды жасайды.
Құндылықтарды дарыту:	Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы
АКТ-ны қолдану дағдылары:	слайд
Пәнаралық байланыс:	География-«Еркін жазу» әдісі бойынша «Экология» тақырыбына эссе жазу арқылы жүзеге асырылады.
Бастапқы білім:	Соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ КСР-інің әлеуметтік экономикасының дамуы туралы біледі.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру: «Өзі туралы кластер» тренингі Оқушылар бірін-бірі жақынырақ танып білу үшін өздері туралы кластерлер құрастыруы керек. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таралатын шеңберлерге өздерінің өмірінде маңызы бар бес негізгі рөлін жазады. Мысалы: Жанұяның еркесі, адал дос т.б. Топтарға бөлу. «Қағаз қиындылары» Топ құрамындағы оқушылар саны бойынша беске, алтыға жыртып, оларды араластырып, оқушыларға таратып беру керек. Оқушылар қиықтарды құрастырып бүтін сурет шығарады. Сол арқылы топтарға бөлінеді.	
Сабақтың ортасы	Бірінші бағалау критерийі: 1946 -1950 жылдардағы қоғамдық саяси өмірдің ерекшеліктерін түсініп, қорытынды жасайды. 3-тапсырма.«Топтық таныстырылым әдісі». Берілген мәтінмен танысып, постер қорға. Өнеркәсіп тобы: 1946-1950 жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін анықтаңыздар. Полигон тобы: XX ғ. 40-50 ж қоғамдық саяси өмірдің ерекшеліктеріне талдау жасаңыздар. Зымыран тобы:Қоғамдық саяси өмірде қалыптасқан ерекшеліктер жөнінде ой қорытып, тұжырымдаңыз.	
Сабақтың соңы	Бекіту. «Ыстық орындық» орындық әдісі Әр топтан бір оқушыдан шығып, орындыққа отырып, бүгінгі сабақ туралы топтар қойған сұрақтарға жауап береді.	
Рефлексия	«Нысана» әдісі:	